



17 қазан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy_kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ БОЛҒАН АУЫЛ



БҰЛ АУЫЛ БАСҚА АУЫЛДАН ӨЗГЕРЕК ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫНАН КЕЙІНГІ ӘСЕР

Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиев есімі Сыр елі үшін қадірлі. Экономика өсіріп, қоғамдық қатынастар қалт-құлт етіп қалған кешегі қиын кезеңде күшін сарқып, күріш шаруашылығының дамуы үшін ерен іс тындырған азамат. Жердің берген байлығын туған жеріне төккен жомарт.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда облысына келген сапары Сырдария ауданының Н.Лиясов ауылынан басталды. Осы бір сәт туралы жақынырақ білгіміз келген біз Абзал Жұмашұлына жолығып, бір-екі ауыз әңгімелескен едік. – Әбеке, Президентті ауылдың аузынан өзіңіз қарсы алдыңыз. Алғашқы сөз неден басталды? Президент біздің ауылға өте жоғары көңіл-күйді келді. Облыс әкімімен бірге ауыл келбетімен танысып, еңбекшілермен жүздесті. Аман-саулықтан соң жанымдағылар мені шаруашылық құрылтайшысы деп таныстырған. «Абзалды білеміз, Еңбек Ері, Мәжілісте депутат

болды» деді Президент жылы сөйлеп. Осы сөздің әсері болар, өзімді еркін ұстадым. Сосын шаруашылықтың тарихынан қысқаша мәлімет бердім. Бұл ауыл совхоз есебінде 1966 жылы тегіс жерден басталып салынған. Бірінші басшысы Кеңес Одағының батыры Нағи Лиясов болса, одан кейін Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов басшылық жасаған. Осы деректерді келтірдім. Ауылдың орталық саябағын аралап келеміз. Гүлмен көмкерілген субұрқак, сол қанаттағы Биг-бен сағаты, мәдениет үйі, мектеп, Тағзым алаңы, музей, мешіт, мен осылардың жай-күйін таныстырып жатырмын.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ӘРБІР ҚҰРЫЛЫС – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ



Суреттерді түсірген: Б.Есмаилов

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс алаңдарына барды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Алдымен аймақ басшысы «Өнер орталығының» құрылысымен танысты. Өткен жылдың тамыз айында Қызылорда қаласындағы Бейбарыс сұлтан көшесінің бойынан 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық орталықтың құрылысы басталған еді. Онда өнер иелерінің, шығармашылық ұжымдардың ұлттық, академиялық, симфониялық және эстрадалық бағыттағы концерттері, түрлі форматтағы қоғамдық және мәдени-форпшілік іс-шаралар өткізіледі. Нысан алдағы желтоқсан айында пайдалануға берілімек.

Облыс орталығындағы сыйымдылығы 600 орындық Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театры аймақтағы көрермен залы ең үлкен өнер ордасы болып есептеледі. Халық саны өскен сайын мұнда орын тапшылығы туындағалы біршама уақыт болды. Осы жағдайды ескере келе, аймақ басшысының бастамасымен жана заманауи ғимарат құрылысы басталды. Әрі қарай Нұрлыбек Машбекулы сол жағалаудағы жаңа автовокзал құрылысымен танысты. Құны 975 млн теңгені құрайтын заманауи үлгідегі автовокзалда жолаушыларға барлық қолайлы жағдай жасалып, қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ғимаратта тек жолаушылар залы ғана емес, сонымен қатар ірі сауда және қоғамдық тамақтандыру орындары, автокөлік жөндеу цехтары жұмыс істейтін болады. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус маршруты ашылады. Олардың

арасында Ташкент қаласына қатынайтын 1 халықаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черняевка) және Ақтөбе қаласына 8 республикалық, сондай-ақ 46 ішкі ауданаралық рейс бар. Автовокзал жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсете алады. Мұнан әрі аймақ басшысы сол жағалаудағы «Қан орталығына» барды. Өткен жылы тамыз айында құны 2 млрд 700 млн теңгені құрайтын орталықтың іргетасы қаланды. Нысан жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетеді. Орталықтың салынуы – аймақтың денсаулық сақтау саласы үшін маңызды әрі ұтымды шешім, тұрғындардың денсаулығын сақтау және қорғау бағытындағы нақты іс-шараның бірі. Нысан 2024 жылдың басында пайдалануға берілімек.

Облыс әкімі 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысын да көрді. Жалпы 8 млрд теңгеге салынатын жана мектеп оқушыларға сапалы білім беруге қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Мердігер мекеме «Промстройсервис Е» компаниясы ғимаратты 2024 жылы аяқтап, пайдалануға береді деп жоспарлануда. Еске салсақ, өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Смаилов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары кезінде Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысын бастауға қолдау білдірді. Осы тізімге Ә.Мүсілімов атындағы №101 және Абай атындағы №2 мектептерге қосымша құрылыс салу, «Бөйтерек» шағын ауданындағы 600 орындық және Шиели ауданы «Байсын» ауылындағы 250 орындық мектеп құрылысын аяқтау енгізілді.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Несіпбек Айтұлы ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді өркендетуге сүбелі үлес қосып, руханият саласының алға басыуна күш-қайрат жұмсады. Қазақстан тәуелсіздігінің жыршысына айналған ақынның тартымды туындылары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына мол әдеби-мәдени мұра қалдырған Несіпбек Айтұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын» деп жазылған жеделхатта.

МҰНАЙ МАҢЫЗЫ: ТЕҢГЕ ҚҰНЫ КӨТЕРІЛЕ МЕ?

Таяу Шығыста болып жатқан оқиғадан ел хабардар. Осы тұста әлемдік басылымдар мұнайдың қымбаттауы мүмкін екенін жазауда. Табысының басым бөлігі «қара алтыннан» түсетін еліміз үшін бұл жаңалық елеусіз емес. Әсіресе, «мұнайдың қымбаттауы теңге бағамын нығайтады» деген түсінік бар. Сөздің шындығын бағамдап көрсек.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Үрейден туған үміт

Ең алдымен тоқталар дүние, Израильдегі қақтығыстан кейін Тегеран Ормуз бұғазы арқылы мұнай тасымалын тоқтатуы мүмкін деген

қауәсет бар. Осыдан кейін мұнай тасымалын бақылауында ұстайтын трейдерлердің үрейі нарықты құбылттып жіберді. Ал бұл – Қазақстан үшін «мұнай қымбаттайды» деген үміт.

3-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

Күннің салқындауымен бірге тұмау секілді түрлі жұқпалы аурулардың да белең алатыны белгілі. Нақтырақ айтқанда, күз, қыс, көктем мезгілі бұл аурулардың эпидемиологиялық маусымы болып саналады. Жіті респираторлы-вирустық инфекциялар адам өміріне қауіпті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, жыл сайын әлемде 3-5 млн-ға жуық адам тұмаудың ауыр түріне шалдығып, 250-500 мың адам көз жұмады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ТҰМАУДЫ ТІЗГІНДЕУДІҢ ЖОЛЫ – ЕКПЕ



Фото: Ашық дерекқаздан

Биылғы эпидмаусым еліміз үшін қолайсыз болып отырған көрінеді. Оның ішінде облыста ЖРВИ мен тұмаудың көрсеткіші көңіл көншітпейді. Мәселен, 9 айда облыс көлемінде жедел респираторлы-вирустық инфекциясының 33456 жағдайы есепке алынып, 100 мың халыққа шаққандағы аурушандық

көрсеткіш 3956,56-ны құрады. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,8-ге жоғарылаған. Ауруға шалдыққандардың 65,6 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал тұмау ауруы 68 адамнан анықталды, соның 20-сы 14 жасқа толмаған балалар арасында тіркелген.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2024



Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды. «Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



Фото: Ашық дерекқаздан



БҰЛ АУЫЛ БАСҚА АУЫЛДАН ӨЗГЕРЕК

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫНАН KEЙІНГІ ӘСЕР

Ауылды абаттандыруға, ағаштарды күтіп баптауға, аяқ-суда, т.б. жұмыстарға жылына 200 млн теңге көлемінде қаражат жұмсалыды.

Ауыл көшелеріне 35 мың түп ағаш егіп шығарды. Әдетте ағаш көшеттері ешқашан толық шықпайды, жүздің елу-алпысы бойы алып кетпейді. Көп адам сол шығынды қалыпта деп есептейді. Олай емес, бір шыбықты да қисайтпай, қанша ексең, сонша шығаруға болады, тек еңбек керек.

Стадионнан шыға бере қабырға экранынан Нағи ауылының дрон арқылы төбесінен түсірілген түнгі көрінісі көрсетілді. «Керемет екен!» деді Президент. Сол сәтте барлық көзі көрген нәрсеге бір-ақ баға бергендей болды.

Мұнан соң «Еңбек аллесаына» бардық. Ол жерде шиелілік Гүлсім Дәрібаева, шағандық Айбек Уәлиев сөз сөйлеп, мемлекет тарапынан еңбек адамдарына көрсетіліп отырған қамқорлықтар үшін Президентке алғыс білдірді.

«Қазіргі ең басты құндылық – еліміздің, халқымыздың татулығы» деді Президент.

Ауыл келбетімен таныстыру сәтінде Президент мешітке қарап тұрып: «Жақсы салыныпты» деді. Сол кезде ескі мешітті бұзбай, музей етіп қойғанымызды айтып өткенмін. «Жөн болған, дұрыс» деп Президент сөзімді қоштады.

– Президент нақты не деді? – Ол кісі көбіне тыңдады. Сөзді бөлген жоқ. Біздің айтқанымызды ықылас қойып тыңдауының өзі ризашылығын танытып тұрды.

«Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Бұл ауыл – басқа ауылдарға жақсы үлгі» деп баға берді.

Қазір ауылда 480 отбасы тұрады. Шаруашылық 5 мың гектар жерге күріш егеді. Ауылдың 470 адамы егін саласында жұмыс істейді.

Тағым алаңының тұсына келген Президент әдеттегідей ұзағырақ аялдап қалды.

Бұл ауылдан 195 азамат Отан соғысына аттанып, 132-сі қайта оралмаған.

Осы Тағым алаңына 48 млн теңге жұмсалған. Отан үшін отқа түскендердің есімі жазылған белгіден батырлардың рухы сезіліп тұрғандай болды ма, осы тұстан ешкім де бей-жай өтіп кетпейді.

Мұнан соң Президентті ауыл стадионына бастап бардық. Бұл жерде спорттың жеті түрінен 144 бала жаттығады. Осы кезде балалар өз жаттығуларын жүргізіп жатқан.

Президент үстел теннисіне аялдады. Мен – облыстық үстел теннис федерациясының президентімін. Қасым-Жомарт Кемелұлы қолына ракетканы ұстап тұрып, балаларға аталық тілегін айтты. Стадионның үлкен алаңына шығып, жас спортшылармен суретке түсті.

«ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛДАУЫН СЕЗІНДІК»

Күз мезгілі – берекелі маусым. Ел іші егін жинау науқанына кірісіп кеткен қауырт шақ. Осы кезеңде облысқа іссапармен келген Мемлекет басшысы Сыр өңірінің тіршілік тынысымен танысты.

«Еңбек аллесаында» жұмысшылармен жүздесті.



– Қазіргідей өте күрделі заманда, ең алдымен, елімізде тыныштық болуы керек. Ең басты құндылық – еліміздің амандығы, халқымыздың татулығы. Сондықтан бар-қуш-жігерімізді пайдаланып, еліміз үшін, Отанымыз үшін жұмыс істеуіміз керек, – деді Президент.

Кездесуде өзінің пікірін айтқан жас механизатор Айбек Уәлиевтің сөзін де Мемлекет басшысы жылы қабылдап, ардайым жастарға деген қолдаудың арта түсетінін айтты. Сөз соңында Президент ауыл өмірін жақсартып, ауыл шаруашылығында табысты өнім өндіріп, халықтың тұрмысын көтеру жолында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Ел Президентімен жүздесіп, еңбегімізге берген бағасын естіп, ерекше қуанышқа бөлендік. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауының арқасында өңірімізде үлкен жұмыс жасалып жатыр. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың іскерлік бастамалары жақсы нәтиже көрсетуде. Облыс әлеуметтік-экономикалық даму бойынша өңірлер арасында алғашқы үштікке шықты. Киелі Алғашқы еліміздің әлеуетін арттып, әлі талай биік тұғырдан көрінетін деп сенемін. Біз осы жолда аянбай еңбек ете береміз.

Егін жұмыстары қазіргі заман талабына сай жаңа технологиялармен жабдықталып, жұмыс сапасы арта түскен. Дала академиясының академигі Б. Жақаев атамның «Еңбектің көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген екен. Расында, адам баласы адал еңбек, маңдай терімен абыройға бөленеді. Алдымыздағы аға буын ардагерлердің, еңбек майдангерлерінің өнегелі өмір жолы осыған дәлел. Өзім де осы еңбектің арқасында көптеген жетістікке жеттім.

Мемлекет басшысы жүздесу сәтінде жұмысшы мамандарға деген жылы лебізін білдірді.

Гүлсім ДӘРІБАЕВА,
«Ақмая» шаруа қожалығының бригадирі.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«АРМАНДА» АЛҒАШ ҚЫЗЫЛОРДАДА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Арманда» республикалық форумын өткізу үшін Қызылорда облысына іссапармен келген медиамеджер, қоғам қайраткері Арман Дәлетияров, қоғам белсендісі, журналист Ләйла Сұлтанқызы және белгілі теолог Нұрлан има Асановпен кездесті. Кездесуде форумының бастамашысы өрі ұйымдастырушысы Арман Дәлетияров іс-шараның негізгі мақсаты туралы айтты.

Жексенбіде өткен жиында жойылуда таяу мамандықтар мен сұранысқа не қызмет түрлері жөнінде кең мағлұмат берілді. Спикерлер өмірлік тәжірибелерін айтып берді. Отбасы құндылығы, гендерлік теңдік және әйелдің қоғамдағы



рөлі туралы тақырыптар қозғалды. Дін мен ұлттық салт-дәстүрді ұштастыру, ұлттың болмысына сай жастарға әдет-ғұрыпты дәріптеу тетіктері де талқыға салынды. Қатысушылар түрлі сауал қойып, емін-еркін диалог өрбіді. Айта кетейік, бұл іс-шараны облыстар арасында алғашқы болып Қызылорда өңірі өткізуде.

Аталған жоба аясында форум спикерлері өңірлердегі балалар мен қарттар үйлерін және тағы басқа әлеуметтік мекемелерді аралап, студенттер мен аз қамтылған отбасылармен кездесіп, игі іс жасауға атсалысады. Олардың жалпы аудиториясы 10 миллионға жуық адамды құрайды.

Аймақ басшысы форум ұйымдастырушыларының жұмысына сәттілік тіледі.

ЖАЛПЫ ОБЛЫСТЫҚ СЕНБІЛІК

Қызылорда қаласында өткен сенбілік аясында жаңадан салынған «Отбасы орталығының» алдына 25 түп туя ағашы отырғызылды.



Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Облыстық басқармалар және оларға бағынысты мекемелер арнайы бекітілген орындарға 500 түп қошет (үйеңкі, Сыр талы, қарағаш, терек) екті. Сенбілікке қала, аудан әкімдіктері, облыстық басқармалар, департаменттер мен инспекция басшылары жұмылдырылды.

Айта кетейік, облыс көлемінде жоспарланған күзгі санитарлық тазарту, көркейтуді

және көгалдандыру жұмыстары 2 қыркүйек пен 4 қараша аралығында жалғасын табууда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Birge: Таза Қазақстан» акциясы аясында Сыр өңірінде үздік елді мекендер мен үлгілі шағын аудандар анықталды. Конкурс нәтижесімен жеңімпаздарға 14 арнайы техника табысталды. Озық шыққан шағын ауданға скверлер мен спорттық алаңдар салынып, көше-аулалары жарықтандырылды. Алдағы уақытта бұл конкурс дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілімек.



БРИФИНГ

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ



Қызылорда қаласында жылу беру маусымы 13 қазанда, ал аудандарда 13-16 қазан аралығында басталды. Облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлер мен нысандар жылуға қосылды.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Болатбек Ысмағұлов хабарлады.

– Жалпы, облыс бойынша әлеуметтік нысандар және орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлер толығымен жылумен қамтамасыз етіледі. Жылу беру маусымына 237,7 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде тұрғындарға 205 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 33 мың тонна. Осыған дейін

облысқа 100 мың тонна көмір жеткізілді, – деді басқарма басшысы.

– Қызылорда қаласы бойынша жылу желілерінің ұзындығы – 190,02 шақырым. Қала бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне барлығы 1537 нысан қосылған. Қазір қаланы жылумен қамтамасыз ету мақсатында «Қызылорда жылу электрорталығындағы» бірнеше жылу көздерінің негізгі қондырғылары штаттық режимде жұмыс істеп тұр, – деді «Қызылорда жылу электрорталығы» МКК директоры Медет Усаин.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

Биыл облыс бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасына 3 миллиард теңге қаржы қаралған. Ауыл тұрғындары жоба аясында жеңілдетілген несиесі алып, кәсіптерін кеңейтетіндеріне ерекше қуанышты.

Сыр Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШПАҚ

«Ауыл аманаты» жобасы – ауылды дамытудың кепілі. Бұл жергілікті жұртшылықтың ауылда еңбек етіп, тұрақталуына бағытталған. Бұл жобаға тек ауыл тұрғындары, оның ішінде жұмыссыз азаматтар, өзін-өзі жұмыспен қамтығылар, кәсіпін енді бастағандар мен кәсіп иелері қатыса алады. Негізгі талаптар – осы. Несие берілген соң арнайы каникул да қарастырылған. Бұл бизнесі – дамытып алуға берілген жақсы мүмкіндік.

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде бастау алды. Жаңа бағдарламаны ауыл тұрғындары арасында жаңа-жаңғыртып насихаттап, түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілді. «Amanat» партиясы жанынан арнайы мобильді топ құрылып, еліміздің барлық өңірлерін аралап шықты. Оның ішінде ең шалғай ауыл тұрғындары да қамтылды. Бүгінгі күні кәсіп ашуға бел бұған ауыл тұрғындары қажетті құрал-жабдықтарын алуда.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында кәсіп бастауға ниет еткен азаматтардың несиесі өтінімдерін қарау мақсатында бүгінгі күні өңірде «Amanat» партиясы облыстық филиалы, жобасы бойынша микрокредиттер алуға құжат қабылдау 20 шілдеде басталды. Бүгінгі таңда әкімдіктерден қаржыландыруға 2,8 млрд теңгені құрайтын 316 жобаның құжаты тапсырылып, несиесі комитеті 1026,5 млн теңгеге 130 жобаны мақұлдады, 24 жоба бойынша 153,9 млн теңге несиесі берілді. Жалпы барлық аудандар және Қызылорда қаласы бойынша ауылдарды қамту мақсатында қаралған қаржы халық санына қарай тең бөлініп, әр ауданға өз лимиті қарастырылды. «Ауыл аманаты» жобасын өңірдің ерекшелігіне қарай тиімді және сапалы іске асыру мақсатында басымдық өндірістік жобаларға берілуде. Бұл ретте, жеке-кеңестік шаруашылықтардың ынтасы өңдеуде, оның ішінде шағын цехтар, жылжымайтын өндірісін, омарта, балық және құс шаруашылығын дамытуға бағытталуда, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Исаберегенова.

Бағдарлама ең әуелі халық табысын арттыруға бағытталып отыр. Ауыл тұрғындары бұл бастамаға барынша мүдделілік танытуда. Олар өз кәсібін бастауға немесе шағын кәсіптерін кеңейтіп, талапқа сай дамыта алатынына сенімді.



Фото: Ашық дереккөзден

